

- аналогия(дәл ұқсастық)ға тән тапсырмалар;
- қойылған мәтінді түсінуге байланысты тапсырмалар;
- нұсқауларды орындауға байланысты тапсырмалар;
- білімділікті анықтауға байланысты тапсырмалар;
- пікірлеуді анықтаушы тесттер;
- орфографик тесттер;
- тіл мәселелеріне байланысты тапсырмалар және т.б.

Мамандық (жалпытехник) пәндерден тест тапсырмаларын түзуде жабық (бір немесе бірнеше туры жауапты), ашық, сәйкестікті және туры ізбе-іздікті анықтауға байланысты тест тапсырмаларынан пайдалану ұсынылады. Мұнда бір оқу мақсатына еріскенді түрлі тест тапсырмалары көмегінде анықтау (инвариант) тесттерін түзу де мақсатқа сай.

Жалпы алғанда, тест методы бірқанша технологик болып есептелінеді. Ол білімдерді меңгеру сапасын бақылауда профессор-оқытушылардың еңбек өнімділігін асырады және оқу бағдарламасын терең және жан-жақтама меңгерілуін тәміндейді. Сапалы тест тапсырмаларын түзудің қиындығы, тестті кейде жариялауды күрделендіреді. Бұл іс жоғары педагогик іскерлік және тәжірибені талап етеді.

#### Әдебиеттер:

1. И.А.Каримов «Жамиятимиз мафқураси халқни халқ, миллатни миллат қилишга хизмат этсин». «Тафаккур» журналі. 1998 йил, №2, 29 бет
2. Национальная программа по подготовке кадров. / Гармонично развитое поколение - основа прогресса Узбекистана. - Т. Шарк, 1997.
3. Farberman V.L., Musina R.G., Jumaboeva F.A.Oliy o'quv yurtlarida o'qitishning zamonaviy usullari. T., 2002 yil. 85-86 bb.

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Абильдина С.Қ., п.ғ.д., профессор; Айдарбекова К.А., п.ғ.м., аға оқытушы;  
Аданов Қ.Б., докторант

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы;

Аринова Е.Т., жаратылыстану ғылымдарының магистрі  
№ 1 гимназия Қарағанды қ.

Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзырлығын педагогикалық менеджмент арқылы қалыптастырудың теориялық мәселелері қарастырылып, болашақ мамандардың басқарушылық құзырлығын қалыптастырудың педагогикалық жүйесі берілген.

*Тірек сөздер:* оқыту үдерісі, педагогикалық жүйе, педагогикалық менеджмент, басқару, құзырлық.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған биылғы Жолдауында: «Индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде базаларында ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысы қамтамасыз етілетін 10 ЖОО анықталды» - делінгендігі айтылған [1].

Қазіргі таңда елімізде әлемдік кеңістікке еруге бағытталған жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүзеге асуда. Бұл үдеріс педагогикалық теория мен практикада болып жатқан мәнді өзгерістермен ұштасып, жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік стандарттарын, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әлемдік үрдістерді ескере отырып түзетумен байланысты. Білім беру парадигмасының алмасуы нәтижесінде жаңа тұғырлар, мазмұн, технологиялар ұсынылады, білім беру үдерістерін басқару мен сапасына қойылатын талаптар да өзгеріске ұшырайды.

Өз кезегінде, басқару оқу-тәрбие іс-әрекеті ретінде педагогтардың басқарушылық құзырлық деңгейімен анықталады. Бастауыш сынып мұғалімдерінің басым көпшілігінде арнайы басқарушылық даярлығы жоқ. Ғылыми білімдердің қазіргі деңгейі педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда басқарудың жалпы теориясын қолдану қажеттілігін талап етіп отыр. Жоғары білім, басқарушылық құзырлықтың талап етіліп отырған деңгейін қалыптастыру үшін жеткіліксіз.

Педагогикалық менеджмент негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзырлығын қалыптастыру проблемасы басқару студенттерді оқыту мен тәрбиелеу үдерісін басқару ғылымы тұрғысынан анықталады. Осыған орай, бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға да жаңа талаптар қойылады. Қазіргі қоғамға тек бастауыш сынып мұғалімі ғана емес, педагогикалық менеджмент негіздерін игерген, бастауыш мектеп бойынша білім беру жүйесіндегі ұйымдастырушылық-басқарушылық іс-әрекетті жүзеге асыруға қабілеті бар мамандар қажет.

Оқыту білім беру үрдісі ретінде мына категорияларды қамтиды: оқыту үдерісінің мәні мен ұғымы, мазмұны, әдістері, ұйымдастыру формалары мен оқыту құралдары. Оқыту үдерісінің негізгі міндеттері: білім беру үдерісінің арнайы шарттарын ұйымдастыру негізінде оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру мен оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру. Арнайы шарттарға: оқытудың кезеңдік теориясын қолдану (П.Я. Гальперин, Н.Ф. Талызина), проблемалық жағдаяттарды ұйымдастыру (М.Н. Скаткин, И.Я. Лернер, А.М. Матюшкин, М.И. Махмутов және т.б.), оқу материалының кейбір бөлімдерін бағдарламалау (Т.А. Ильина, Н.Ф. Талызина, В.П. Беспалько және т.б.), оқуға деген ынтаны арттыру (Т.А. Ильина, Г.И. Щукина, М.А. Данилов), оқытудағы жұптылық пен кіріктіру (С.И. Архангельский) оқытудың табиғатқа сәйкестілік пен қарқындылықпринциптерін қолдану (Беспалько В.П.) және т.б.

Ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау дидактикада оқытудың мына қызметтері:білімдік, тәрбиелік және дамытушылықайқындалғандығын көрсетті. Білімдік қызмет ғылыми білімдерді игеру, арнайы және жалпы ғылыми іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруды қарастырады. Егер ғылыми білімдер фактілер, заңдар мен заңдылықтар, теорияларға негізделсе, арнайы іскерліктер мен дағдылар өзіне тек сол сәйкес оқу пәні мен ғылым саласына тән практикалық іскерліктер мен дағдыларды қамтиды. Оқытудың қызметтері жас ерекшелік, оқытудың әдістерін даярлау деңгейі арқылы жүзеге асады.

В.П.Беспальконың негіздеген қағидаларын басшылыққа алсақ, педагогикалық жүйені құрастыруда біріншіден, оқу-тәрбие үдерісін алдын-ала жобалау жүзеге асады; екіншіден, білімалушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын жоба құрылады; үшіншіден, екі аспектіде қарастырылатын мақсатқұрушылық үдерісі жүреді: 1) диагностикалық мақсатқұрушылық және білімалушылардың оқу материалын меңгерудің объективті тексеру сапасын бақылау және 2) жалпы тұлғаның дамуы; төртіншіден, барлық компоненттердің өзара әрекетін бейнелейтін тұтастық принципі жүзеге асады [2].

Педагогикалық жүйе бір-бірімен байланысқан алты вариантты элементтерден тұрады: 1 – білім алушылар; 2 – оқыту мен тәрбие мақсаты; 3 – оқыту мазмұны; 4 – дидактикалық үдерістер; 5 – мұғалімдер мен ОТҚ; 6 – ұйымдастырушылық формалар [3-6].

Дидактикада қалыптасқан теориялық және практикалық тәжірибеге сүйене отырып, біз педагогикалық менеджмент негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзырлығын қалыптастырудың педагогикалық жүйесін құрдық (1 сурет).

Біз педагогикалық менеджмент негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзырлығын қалыптастырудың педагогикалық жүйесін жүзеге асыру үшін оқу материалдарының мазмұнын құрастырдық, оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістері негізделіп, ендірілді, білімді бақылау жүйесі жасалды.


Кез келген дидактикалық міндет тұрақты педагогикалық жүйенің көмегімен шешіледі.

Біз құрған педагогикалық жүйе мына ретпен жүзеге асады: дидактикалық үдеріс–оқу пәндерінің мазмұны арқылы, ұйымдастыру формасытүрлі оқу сабақтары арқылы.

Педагогикалық менеджмент негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзырлығын қалыптастырудың педагогикалық жүйесі бір-бірімен байланысқан компоненттердің жүйесі бейнесінде берілген.

Жүйе оқыту үдерісінің жүйеқұрушылық факторының бірі, бұл жағдайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзырлығын қалыптастыру, оқытушы мен студенттің іс-әрекеті – үйрету мен үйрену, оқыту әдістері, оқыту құралдары, оқытуды ұйымдастыру формалары алынады. Жүйенің өзгермелі құрамдас бөлігі – материал мазмұны. Барлық педагогикалық жүйенің қызмет етуінің бастамасы оқытушы мен студенттің өзара әрекеті, соның негізінде жүйе тұтастық сипатта және тапсырылған тәртіппе қызмет жасайтын болады.

Сонымен, оқу үдерісіне жүйелілік тұрғыдан қарау білімалушылардың танымдық белсенділігін, жүйелік тұрғыдан қарау білігі мен дағдысын, жүйелі ойлау, өзін-өзі басқару және т.б. дамытуға септігін тигізеді.



Сурет 1. Педагогикалық менеджмент негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзырлығын қалыптастырудың педагогикалық жүйесі

Біздің ұсынып отырған педагогикалық менеджмент негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзырлығын қалыптастырудың педагогикалық жүйесі оқытудың әрекеттік әдісіне құрылған.

Егер білім мазмұнына үнілсек, білім беру мақсаты педагогикалық іс-әрекетте жүйекұрастырушылық қызметті орындайды. Сондықтан мақсатты дұрыс тандаудан оқыту мен тәрбиелеу мазмұны, әдістері мен құралдары көп жағдайда байланысты болады.

Педагогикалық менеджмент негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзырлылығын қалыптастырудың педагогикалық жүйесінің негізіне дидактиканың негізгі принциптері алынды (С.И. Архангельский, Ю.К. Бабанский, В.А. Слостенин, П.И. Пидкасистый и др.), өз ретінде олар оқытудың барынша нәтижеге жетуіне септігін тигізеді.

Педагогикалық менеджмент негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзырлылығын қалыптастырудың педагогикалық жүйесін жүзеге асырудың негізіне біз И.Я. Лернер мен М.Н. Скаткин ұсынған оқыту әдістерін алдық. Сонымен қатар жүйеге дидактикалық ойындарды қостық. Себебі зерттеліп отырған саланың мамандары үшін дидактикалық ойындар қажетті болып табылады.

«Педагогикалық менеджмент – басқару құзырлылығының негізі» арнайы курсы білім беру мазмұнындағы синтетикалық аспектіні жүзеге асыруға, пәнаралық байланыстарды кеңейтуге мүмкіндік береді.

Ғылымда жаңа бағыттың пайда болуы оқу жоспарында жаңа пәнді міндетті ендіруді көздемеуі керек, біздіңше, қолданыстағы пәндерді жаңа мәліметтермен толықтыру да оңтайлы болып табылады.

Арнайы курсты оқып-үйрену барысында педагогикалық менеджмент негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзырлылығын қалыптастыру жүзеге асады. Курстың мақсаты педагогикалық менеджмент саласында білімді қалыптастыру, жаттықтыру және оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқару, сондай-ақ, кәсіби маңызды сапаларды қалыптастыру.

Арнайы курсты оқыту кәсіби даярлықтың сапасына ықпал ететін бастауыш сынып мұғалімі мамандығына жағымды қатынас қалыптастыруға да бағытталған.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, болашақ мамандарда басқарушылық құзырлылықтың болуы «мұғалім-оқушы-ата-ана» жүйесіндегі субъект-объектілік қатынасты әр тұлғаның өздігінен дамуының негізін қалайтын субъект-субъектіліктілік қатынаспен алмастыруды жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Бұл міндеттерді шешуде жетекші орын мұғалімге, яғни басқарушылық-педагогикалық іс-әрекетті шығармашылықпен жүзеге асыра алатын маманға беріледі. Қазіргі таңда білім беру саласында басқарушылық қызметті жүзеге асыратын, қазіргі талап деңгейінде ойлай алатын мұғалімдерге деген практикалық қажеттіліктің болуына қарамастан, оларды даярлаудың кейбір аспектілері ғана қарастырылған.

Сол себепті болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзырлылығын қалыптастырудың теориялық үлгісі жобаланып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзырлылығын қалыптастырудың педагогикалық жүйесі құрылды.

#### Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша. [http://www.akorda.kz/kz/page/page\\_218342](http://www.akorda.kz/kz/page/page_218342)
2. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М., 1989. - 192с.
3. Адильгазин Г.З. и др. Проблемы и пути внедрения компьютерной технологии обучения // Высшая школа Казахстана. - 2000. - №2. - С. 51-56.
4. Смирнов С. Технологии в образовании // Высшее образование в России. - 1999. - №1. - С.109-112.
5. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - М., 1998. - 185с.
6. Вербицкий А.А. Активное обучение в школе: контекстный подход: Метод. пособие. - М., 1991. - 207с.

## ДИДАКТИЧЕСКАЯ ИГРА КАК ИННОВАЦИОННЫЙ МЕТОД ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ В НЕЯЗЫКОВЫХ ВУЗАХ

Адырбекова Н.А., м.п.н., старший преподаватель  
Южно-Казахстанская государственная фармацевтическая академия  
г. Шымкент, Республика Казахстан

Использование инновационных методов на занятиях русского языка и литературы в неязыковых вузах. Инновационный подход к обучению позволяет так организовать учебный процесс, что студенту занятие и в радость, и приносит пользу, не превращаясь просто в забаву или игру.